

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

518.	Мұрат М.Ж.	Координациялық қосылыстар химиясы бойынша зертханалық курсты әдістемелік қамтамасыз етудегі онлайн материалдардың рөлі	2188
519.	Нұралина А.Ж.	Химия сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру	2192
520.	Пармантай Қ.Е.	Химияны оқу барысында оқушылардың өзіндік іс-әрекетін олардың интеллектуалдық дамуының құралы ретінде ұйымдастыру	2197
521.	Пердеханова А.А.	Дәрілік өсімдіктерді зерттеу барысында студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру	2202
522.	Сарсенғалиева А. Н.	Актуальные проблемы в химическом образовании для инженерных специальностей и предлагаемые решения	2206
523.	Серікбай А.М.	Мектеп оқушыларының химияға қызығушылығын қалыптастырудың тиімді жолдары	2209
524.	Сыздық А.Ф.	Полимерлер мен ауыр мұнай қалдықтарын қолданып, битумның қасиеттерін жақсарту	2213
525.	Ташманова Ж.А.	Химияны оқытуда STEM технологиясын пайдалану	2217
526.	Тобжанова А.Р.	Мыс(II) галогенидтері – ацетамид – қышқыл жүйесі негізінде координациялық қосылыстар: синтездеу және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу	2222
527.	Тұрсынәлі Қ.	Қазіргі мектепте «Жаңа заттар мен материалдарды өндіру» элективті курсын оқыту: тәжірибе және нәтижелер	2227
528.	Хамит А.Ж.	PASS ONLINE пайдалана отырып N-бензоилпиперидин туындыларының биологиялық белсенділігін болжау	2232
529.	Шаихова Ж.Е., Калимолдина Л.М.	Целлюлозалық сорбенттер арқылы шарап материалдарын сорбциялық тазартуды зерттеу	2237
530.	Шатлыкова А.Т.	WOLFRAM ALPHA жасанды интеллект құралын химияны оқыту процесінде қолдану мүмкіндіктері	2241
531.	Adil K.Y.	Using the getcourse online platform for the unified national test in chemistry	2245
532.	Bazhikova Z.	Research of biologically active compounds from plants of the genus ACHILLEA L.	2249

СЕКЦИЯ 4.

МАТЕМАТИКА, МЕХАНИКА И МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ

ПОДСЕКЦИЯ 4.1 МАТЕМАТИКА

204.	Galeeva Dilara Rustemovna	Investigation of the effect of variable viscosity on the velocity of droplet motion in a planar channel	2253
205.	Mukhutdinova Aygul Ayratovna	Flow of liquid with variable viscosity in a partially cooled channel with a cavity	2257
206.	Melsova Alua	Effective methods of data visualization and statistical analysis	2259
207.	Nurgali Nurmadi	Concave function inequalities for accretive dissipative matrices of the τ –measurable operators	2264
208.	Onerkhaan A.	The connection of h -amalgamation and joint continuation properties for h - inductive theories	2268
209.	Sadvakassov Aidos	On determinantal inequalities of τ -measurable operators	2266
210.	Абсаматова Адия Дауыловна	Дискретті жалпыланған Рисс потенциалының өспейтін алмастыруынан туындаған конустардың өзара байланысы	2272
211.	Айдос Айбүбі	Нұқсанды дифференциалдық теңдеулердің жалпыланған шешімдері	2273
212.	Алдомжарова Томирис Аблайқызы	Шенелмеген коэффициентті бір дифференциалдық оператордың корректілік қасиеті	2276
213.	Альжанов Алдияр Маратович	Гармонический анализ на примере моделирования колебаний цен розничных товаров в Республике К азахстан	2279
214.	Бағымқызы Бағыжан	Эллис реологиясына негізделген сызықты емес дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық және сандық шешімдері	2284

215.	Бақытжанова Гүлназ Нұрболқызы	Жоғарғы коэффициенті шексіздікте нөлге ұмтылатын үшінші ретті теңдеудің шешімділігі	2286
216.	Балагазинова Айым Муратовна	Дискретті салмақты лебег кеңістіктеріндегі дискретті салмақты максималды харди-литтлвуд операторы туралы	2288
217.	Гумарова Алия Балкыбековна	Дискретті Рисс потенциалының кейбір қасиеттері	2289
218. 5	Есеналы Алмас	Кездейсоқ графтар теориясының аппроксимациялары	2292
219. 6	Жолдасова Сымбат Жанбулатовна	Модули гладкости и коэффициенты рядов Фурье	2293
220. 7	Исенова А.А., Бағымқызы Б.	Айнымалы коэффициентті сызықты емес бюргер теңдеуі үшін қойылған бастапқы-шеттік есептің шешімділігі	2296
221. 8	Қайратқызы Агнур	Салмақтық Соболев кеңістігінде дербес туындылы дисперсиялық теңдеудің бейсызық тегістігі	2297
222. 9	Серимбетова Акниет Муратқызы	Весовая оценка для одного класса квазилинейных дискретных операторов	2300
223. 0	Смагулова Маржан Толлеугазиновна	Үйірткі операторының s сандары	2302
224. 1	Утепбергенова Аида Ерболқызы	Математикалық статистика әдістері негізіндегі ҰБТ нәтижелері мен уақыт арасындағы байланыс	2304

225. 1	Халыкберген Надияр	Интерполяционная теорема Марцинкевича-Кальдерона для дискретного пространства Лоренца	2307
226. 2	Чаякова Аяулы Даулетқызы	Математикалық статистика әдістерін жаратылыстану ғылымдарында қолдану	2309

ПОДСЕКЦИЯ 4.2 МЕХАНИКА

227. 1	Galeeva Dilara Rustemovna	Investigation of the effect of variable viscosity on the velocity of droplet motion in a planar channel	2316
228. 2	Mukhutdinova Aygul Ayratovna	Flow of liquid with variable viscosity in a partially cooled channel with a cavity	2319
229. 3	Абдибаттаева Айша Гизатхановна	Математическое моделирование распределение давление поверхность крыла	2322
230. 4	Алпысбаев Нұрәділ Қанатұлы, Махмутов Тілеуқан Қанатұлы	Орта қашықтыққа арналған ұға-ның аэродинамикалық сипатамаларын модельдеу	2325
231. 5	Базарбаев Тамирлан	Конечно-элементный анализ несущей конструкции буровой установки	2330
232. 6	Жанболат Әлихан Қанатұлы	Расчет и анализ аэродинамических характеристик автомобильного кузова	2334
233. 7	Жәлел Әділғазы Әлиұлы	Уран өндіруде жер асты шаймалау әдісін сандық модельдеу	2337

234. 8	Жуманбаева Айжан Сериковна	Численный расчет и сравнение моделей турбулентности при моделировании теплообмена в теплообменнике	2341
235. 9	Калиаскер Нұрболат Серікұлы	Қабықша түтікшелі жылу алмастырғыш құбырларындағы бензол мен салқындатқыштың (судың) ағын режимдері мен параметрлерін анықтау	2345
236. 0	Кәлімжан Әлия, Ерзат Мырзахан	Шаңсорғыш роботтың құрылымын жобалау	2348
237. 11	Кенжехан Батырхан Ернатұлы, Тілеубаева Аружан Жомартқызы	Моделирование профиля крыла бпла в зависимости аэродинамических характеристик	2352
238. 1	Маркова Лолита Валерьевна	Компьютерное моделирование падения капли на твердую поверхность в matlab	2357
239. 1	Паклин Леонид Сергеевич	Анализ принципов регулирования режимов резонансных колебаний двухмассной вибрационной машины	2362
240. 1	Рахимбеков Ислам Ерланович	Циклдік координаталық жүйелер үшін Раус әдісін қолдану	2365
241. 1	Русланов Бекнур Русланович	Разработка конструкции багажной аэродромной тележки и расчет на прочность их элементов	2369
242. 1	Тастан Мирас Нұрболатұлы	Өзен арнасын тазалау үшін гидроциклонды сорғылы қондырғылардың параметрлерін есептеу	2374
243. 7	Тілеубаева Аружан Жомартқызы, Кенжехан Батырхан Ернатұлы	Численное моделирование течения жидкости вокруг колеблющейся стенки на программном обеспечении ansys	2379

244. 8	Тулькибаев Чингис Куанышбаевич, Курманова Динара Есентаевна	Влияние граничных условий на теплообменный процесс в расчетах теплообменников	2382
245. 9	Чагин Даниил Михайлович	Влияние ударного взаимодействия на динамику горизонтальной двухмассной ударно-вибрационной площадки	2384

ПОДСЕКЦИЯ 4.3 МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ

246.	Serikov Samat	Optimization of algorithms for fingerprint search and matching using clustering and approximate nearest neighbor	2389
247.	Абат Дулат Ақниетұлы	Ейзенберг моделінің қиратушы толқын типті шешімдері	2393
248. 3	Абдреймова Айгерим Уриякизи	Сандық модельдеу әдістерін қолдана отырып, сызықты емес бөлшек спиндік жүйе үшін жаңа солитон шешімдерін әзірлеу	2396
249. 4	Алайдарова Мөлдір Мамырханқызы	Сандық модельдеуді қолдана отырып, күрделі сызықты емес спиндік жүйе Кауфман-Эккер теңдеуі үшін дәл оптикалық солитон құрылымдарын модельдеу	2400
250. 5	Алтынбек Ж., Алмахан Ер., Асилмаметов Б., Аманжол Ш., Акімхан А.	Числовая угадайка	2402
251. 6	Аскаров А., Әуезхан А., Ғазизханов Е., Баққали А., Сейтенова Б.	Қауіпсіз құпиясөз генераторы	2404
252. 7	Әбілхан Назым Ержанқызы	Есептеу тәсілімен сызықты емес бөлшек спиндік жүйелердің динамикалық теңдеуіне солитондық толқын құрылымын құру	2407

253. 8	Байбатыров Мерхат Маликович	Разработка веб-приложения для учета и сравнения достижений студентов	2410
254. 9	Бақытқан Д., Слямова А., Аширалиева А., Бүркітбай А.	Random модулі туралы	2412
255. 0	Баубек Б., Нурханова А., Альмухамбетова А., Боранов Н., Бегалы Б.	Цезарь шифры туралы	2415
256. 1	Беркімбаев Ислам Жарасқанұлы	Бір солитондық модельдің дисперсиясыз шегі туралы	2419
257. 2	Бисимбаев Рустем Ерланович	Нейросетевое моделирование в композиционных материалах	2421
258. 3	Елеусіз Ақбөбек Мұратбекқызы	Моделирование выбросов и их снижения в ЕНУ	2426
259. 1	Ерғазиева Арина Гайдарқызы	Моделирование динамики развития Капчагайского водохранилища и прогнозирование с использованием искусственного интеллекта	2428
260. 5	Ерғазы Жансая Нұрғазықызы	Жоғары ретті сызықты емес жүйелерді бекітілген уақытта орнықтандыру	2431
261. 6	Жалбасов Абдирахим Шиндаулетович	Көшкіндерді зерттеу әдістері	2436
262. 7	Жанатбек Нұрбақ Нұрланұлы	Использование алгоритмов машинного обучения в диджитал маркетинге	2441
263. 8	Искакова Адина Серікқызы	Вилкоксон критерийін дәріхана бизнесінде машиналық оқыту арқылы қолдану	2444
264. 9	Камал Жайна	DFS алгоритмін қолдану арқылы графтармен жұмыс істеудің тиімді әдістері	2449
265. 2	Кәрғожа Арай Ардаққызы	Сызықты емес спиндік толқындарды модельдеу және динамикалық талдау	2451
266. 1	Кішкене Жұлдыз Асылбекқызы	DEEPFAKE және жасанды интеллект: цифрлық манипуляцияны математикалық модельдеу және анықтау әдістері	2454
267. 2	Мейірбек Құралай Айдынбекқызы	Мейрамхана бизнесіндегі жарнамалық тиімділіктің математикалық моделі	2459
268. 3	Мұқиятұлы Еламан	Бөлшек ретті туындылы Камасса-Холм теңдеуі және оның шешімдері	2462

269. 4	Серік Сабыржан Еркінұлы	Вариациялық есептеу есептерінде функционалдық экстремумды табу үшін жасанды интеллект әдістерін қолдану	2466
270. 5	Сұлтанбеков Жандос Мұсабекұлы	Машиналық оқыту алгоритмдері арқылы жылжымайтын мүлікті бағалау туралы	2468
271. 6	Төлеубек Жібек Ерболқызы	Графтағы циклді іздеу	2472
272. 7	Узахбаев Имангали Хангелди улы	Дамбаларды нақты уақыт мезетінде модельдеу	2475

ПОДСЕКЦИЯ 4.4

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ

533.	Абайұлы Есқанат	«Оқыту тиімділігін арттыру үшін практикалық мазмұны бар геометриялық есептерді қолдану»	2479
534.	Абдирова Кәмшат Махамбетиярқызы	7-9 сынып оқушыларының геометрия пәнінде функционалдық сауаттылығын арттырудың маңызы	2484
535.	Абдрахманова Жұпар Қабидоллақызы	Математикалық білім берудегі жасанды интеллект	2488
536.	Абдуллаева Амина Асанхановна	Математикалық біліктерді қалыптастыруда «тіреу белгілерін» ұтымды қолдану тәсілдері	2493
537.	Адібай Аяулым Таубайқызы	Математикада критикалық ойлауды дамытуға арналған креативті әдістер	2496
538.	Альбертқызы Бибі	Орта мектепте математиканы гуманитарлық пәндермен байланыстыра оқыту	2501
539.	Аманбай Меруерт Маликқызы	Geogebra пайдалану арқылы геометриялық салуларды жүргізу	2506
540.	Аманжолова Ажар Дастанқызы	« $(a \pm b)^2$ және $a^2 - b^2$ формулаларының геометриялық мағынасы»	2510
541.	Амангельдина Гульдана	Үлгерімі төмен оқушыларға арналған математиканы оқытуда кейбір тәсілдерді тиімді қолдану	2514

542.	Айбосын Гүлзия	Қытайдың математикалық олимпиадалық дайындық жүйесі және Қазақстан үшін оның әдістемелік бейімделуі	2518
543.	Аяпбергенова Аяна Женисовна	Интеграция искусства в сферу преподавания математики	2523
544.	Әлдиева Жұлдыз Әбдіқадырқызы	Математика пәнін оқытуда дамыта оқыту технологиясын пайдалану	2525
545.	Бақыт Ерқанат	Математикалық есептер арқылы оқушылардың	2531
546.	Барлыбай Ақниет	Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру үшін дайын сызба және модельдер бойынша тапсырмаларды қолдану	2533
547.	Батталов Суңғат	Көпжақтар қималарын мектеп геометрия курсында салу әдістемесі	2537
548.	Бахадир Ақтолқын Копжанқызы	Мектеп оқушыларының оқуының тиімділігін арттыру үшін математика сабағында сюжеттік есептерді пайдалану	2541
549.	Бекдаулетова Томирис	Математика сабағында әдістемелік нұсқауларды цифрлік форматта қолдану ерекшеліктері	2545
550.	Боранбаев Нұрқасым Өскенбайұлы, Сейтжанова Аяулым Маралқызы	Фактор топ және оның дербес жағдайлары	2550
551.	Дүйсенбаева Шұғыла Саматқызы	Математика сабағында өмір тәжірибесіне негізделген тапсырмалар	2554
552.	Ерболат Аружан	Математика сабағында 5–8 сынып оқушыларына арналған мәтіндік есептерді жүйелі түрде топтастыру және олардың тиімді шешу жолдарын қарастыру	2557
553.	Еримбет Дана Каирғалиқызы	Білім сапасын бағалаудың халықаралық зерттеулерінің математикалық сауаттылық тапсырмалары бойынша оқушыларды дайындау	2560
554.	Ермекбаев Айдос Елубаевич, Хасенова Тилеужан Сериковна	Методика преподавания математики для студентов обучающихся по программе foundation для подготовки к ент	2564

555.	Есентурова Акерке Халеловна		«Жасанды интеллект: математиканы оқытудың жаңа мүмкіндіктері»	2567
556.	Жәрдембек Ғалима		Мектеп бағдарламасының 8-9 сыныптарындағы математика сабағында цифрлық технологияларды қолдану әдістері	2570
557.	Жұмағазы Шұға		Күрделі математикалық ұғымдарды визуализациялау арқылы оқыту	2580
558.	Жұмахан Оралбайқызы	Ақниет	Математикалық диктант: оқушылардың білімін бекітудің тиімді құралы	2585
559.	Ибадулла Айғалиқызы	Шұғыла	«Проблемалық оқыту арқылы мектеп оқушыларының математика бойынша зерттеушілік дағдыларын жетілдіру»	2588
560.	Икрамов Сағатбекұлы	Ізет	Орта мектепте алгебраны оқыту процесінде тіректік конспектіні пайдалану	2592
561.	Иманбетова Мұратқызы	Ақпейіл	Дифференциалдық теңдеулерді мектеп оқушыларына жас ерекшеліктерін ескере отырып оқыту технологиялары	2596
562.	Калапбергенова Бауыржановна	Дана	Биология студенттеріне жоғарғы математиканы оқытудың ерекшеліктері	2599
563.	Карагизова Ролланқызы, Диана Жасуланқызы	Даурия Даулетжан	Геометрия пәнінде бір есепті әр түрлі әдістермен шешу	2602
564.	Каримова Нурболатқызы	Акерке	Сызбалар арқылы математикалық есептерді модельдеу: оқытудағы жұмыс дәптерінің рөлі	2605
565.	Кеңес Жеңісбайқызы	Гулден	Мектеп математика курсында теңсіздіктерді оқытудың маңызы	2606
566.	Кеңесбай Нұржігітұлы	Бақдәулет	Бұрыш хордасы	2611
567.	Қабиден Ерланұлы	Қуаныш	Индивидуальный анализ и рекомендации для учеников с использованием ии	2611
568.	Қалдыбек Асылбекұлы	Асылжан	Дифференциалдық теңдеуді грин функциясы әдісімен шешуді оқытудың әдістемесі	2618
569.	Құлымбет Төрегелдіқызы	Ақзер	Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудағы pisa	2622
570.	Құсайнова Қанатбекқызы	Айдана	Оқушылардың математикалық қабілеттерін диагностикалау мен бағалау әдістері	2626

571.	Марден Қайратқызы	Аяулым	Геометрия сабағындағы топтық жұмыс арқылы оқушылардың белсенділігі мен ойлау қабілетін дамыту	2630
572.	Мейманкулова	Сабина	Мектеп геометрия курсындағы салу есептерінің маңыздылығы және факультативтік сабақтардағы қолданылуы	2634
573.	Мейрам	Серікболсын	Арифметиканың негізгі теоремасы	2638
574.	Мухамедиярова	Ақмарал Анарбекқызы	Сызбалар арқылы математикалық есептерді модельдеу: оқытудағы жұмыс дәптерінің рөлі	2641
575.	Мұрат Әділханқызы	Ақбөпе	Декарт координат жүйесін оқыту: тиімді әдістер мен практикалық тапсырмалар	2644
576.	Наматулла	Зарина	7-9 сынып алгебрасындағы “теңдеулер мен теңдеулер жүйесі” бөлімін тапсырмалар арқылы оқыту әдістемесі	2648
577.	Несиптаева Арнуровна, Турмухаметова Кайрбековна	Нурай Гульназ	Использование ии в методике преподавания математики	2652
578.	Нұржан	Мейір	Интерактивті технологияларды пайдалану арқылы математиканың логикалық негіздерін оқыту	2655
579.	Нұржанқызы	Алтынай	10 сынып геометриясын оқытуда проблемалық оқыту технологиясының элементтерін қолдану және оған мысалдар	2660
580.	Орынбасар Шоқанқызы	Жангүл	Көпмүшелер туралы олимпиадалық есептерді шешу әдістері	2663
581.	Омирсерик	Султан	Геймификация в обучении математики в школе	2667
582.	Сабыров Ердосович	Фархат	Стереометриялық есептерді шешуде жасанды интеллект моделін қолдану	2671
583.	Сайлау Оразбайұлы, Мәдіханқызы	Әлия	Оқушыларды олимпиадаға дайындаудағы диофант теңдеулерін шешу әдістері	2674
584.	Сафин Мейірханқызы	Ақерке	Сингапурлық оқыту әдістемесі: 7-сыныптың алгебра сабағында «апгрейд 45 минут» моделін қолдану	2678

585.	Сеитханова Медетқызы	Арна	«Алгебра және анализ бастамалары» курсында формулаларды түрлендіру әдістемесі	2683
586.	Сексенбай Бекзатқызы	Айтолсын	«Жоғары математиканы оқыту үшін жасаңды интеллект негізінде интерактивті оқу материалдарын жасау»	2686
587.	Сарсенбаева Ақниет		Математика пәнін оқытуда ag және vr технологияларын қолдану	2690
588.	Серік Мерей Әсетқызы		10-11 сыныптарда қазіргі заманғы цифрлық технологияларды пайдаланып математиканы оқытудың теориялық негіздері	2696
589.	Сәбит Сағидолақызы	Елдана	Оқушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыру үшін парадоксалды есептерді пайдалану	2701
590.	Смаг Нұрланқызы	Жанерке	Рационал және иррационал енгізілген радикалдар: жіктелуі және әдістемесі	2704
591.	Сұлтанғазы Серікқызы	Аружан	10-сынып математикасы негізінде инклюзивті білім беру теориясы мен практикасы	2707
592.	Сыздыкова Жомартовна	Анар	Координаталық әдіс арқылы стереометрия есептерін шешу жолдары	2712
593.	Сыздыкова Жомартовна	Анар	Ұбт-ға дайындық: координаталық әдісті тиімді пайдалану	2715
594.	Сырымқызы Мөлдір		Тарихи контекст негізінде қарапайым тригонометриялық теңдеулерді оқыту әдістемесі: теория және тәжірибе	2719
595.	Таджекеева Рабаевна, Карлыгаш Муратхановна	Акмарал Оспанова	Математика және тарих пәндері интеграциясының маңызы мен артықшылықтары	2723
596.	Тасболат Ержановна	Актоты	Visible thinking в преподавании математики: как сделать мышление учащихся видимым для повышения их понимания и навыков решения задач	2727
597.	Тубетова Арманқызы	Малика	«Python негізіндегі интерактивті құрал жасау арқылы ықтималдық есептерін шешуді оқыту»	2730

598.	Тельманова Жаркыновна	Баян	Математика сабақтарында виртуалды және аралас оқыту	2735
599.	Тиллабек Мөлдір		Мектеп курсында тригонометрияны оқытудың тиімді әдістемесі	2739
600.	Тлеухан Баян		Ою-өрнектер группасының кейбір қасиеттері	2744
601.	Турекасым Ибрагимқызы	Жанар	Қысқаша көбейту формулаларының геометриялық мағынасы	2745
602.	Тынысбеков Арыстанбек Ардақұлы		Қолданбалы есептер негізінде комбинаториканы оқыту әдістемесі	2750
603.	Хасенова Жандарбековна	Дильназ	Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу әдістерінің тиімділігі мен кемшіліктері	2753
604.	Хусенбай Алина		Стереометриялық есептерді шығаруда компьютерлік бағдарламаларды қолдануға мұғалімдерді оқыту әдістемесі	2757
605.	Шамелкан Шұғыла		Әлеуметтік медиа мен жасанды интеллекттің көпмүшеліктерді оқыту мен үйрету тәжірибесіне интеграциясы	2762

ПОДСЕКЦИЯ 4.5

КРИПТОЛОГИЯ

606.	Абдуалиев Оразалыұлы	Алмас	Эдвардсдың эллипстік қисықтары	2765
607.	Бөрібай Мұқтарұлы	Мирас	Полиалфавиттік Евклидтік шифрды криптоталдау	2767
608.	Джубатканов Қуаныш		Эволюция машинного обучения в криптографии: от теории к постквантовой безопасности	2769
609.	Ельтаев Уалиханович	Адильхан	Криптожүйелердегі қайталанбайтын шифрлаудың криптоанализі	2774

610.	Жуматаева Дильназ	Берлекэмп алгоритмі	2775
611.	Мұханбетқалиева Назерке Нұрланқызы	Ашық кілтті криптографиялық хаттамаларда гиперэллиптикалық қисықтарды қолдану	2777
612.	Өтепберген Ақтілек Дінмұхамбетқызы	Блокчейн жүйелерінде көпфакторлы аутентификацияның тиімділігін арттыру үшін математикалық модельдер мен алгоритмдер.	2782
613.	Серікбай Мәншүк Қуанышқызы	Интернет-коммерция үшін заманауи деректерді қорғау протоколдарының тиімділігі	2787
614.	Соороков Даулет	Блокчейн технологиясы бойынша зерттеу	2791

СЕКЦИЯ 5

МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

ПОДСЕКЦИЯ 5.1 СОВРЕМЕННЫЕ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПРОЦЕССЫ

615. 1	Абилкасымова Т. Т., Акишева А. Е.	Қазақстанның көпполярлы әлем қалыптастырудағы рөлі: БРИКС және Ғаламдық Оңтүстіктегі ынтымақтастық	2793
616. 2	Амангужинов А. Б.	Начало великого пути: юность и становление Наполеона Бонапарта	2798
617. 3	Алимова М.	Некоторые вопросы взаимного сотрудничества между республиками Кыргызстан и Казахстан: Экономический аспект	2800
618. 4	Ауазбек А.М.	Жасанды интеллект және киберқауіпсіздік: Халықаралық аренадағы жаңа сын-қатерлер.	2803
619. 5	Бегалы Н. Б.	Климаттың өзгеруі және Оңтүстік-Шығыс Азияның экологиялық мәселелері	2806
620. 6	Бейсенғалиева А. Б.	Образ Казахстана в мировых СМИ и международных рейтингах	2809
621. 7	Булатова И. Б., Малик С. Б.	Анализ института рабства в историческом контексте и его отражение в жизни современного общества	2813
622. 8	Гиздетдинов С. Н.	Присутствие Европейского союзав центральной Азии: Конкуренция и перспективы сотрудничества	2819
623. 9	Давлетқан Т.Т.	Незаконная трудовая миграция Казахстанцев в Южную Корею: Проблемы, причины и влияние на взаимоотношения двух стран	2823
624.	Ескермесова А. Қ.	Туризм индустриясы: Оңтүстік Шығыс	2828

- Мұғалімдерге цифрлық әдістемелік нұсқауларды тиімді пайдалану бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.
- Оқу бағдарламасына сәйкес цифрлық құралдар мен ресурстарды жүйелі түрде енгізу.
- Оқушылардың цифрлық платформаларды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған қосымша сабақтар өткізу.
- Цифрлық әдістерді дәстүрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлестіру арқылы оқу үдерісінің сапасын арттыру.

Қорытындылай келе, цифрлық әдістемелік нұсқауларды математика сабақтарында қолдану оқыту тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл тәсіл білім беру жүйесін жаңғыртуда маңызды рөл атқарып, оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбілқасымова А. Е., Қараев Ж. А. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістер – Алматы: Білім, 2020.
2. Занков Л. В. Оқытудың дамытушылық әдістері – Мәскеу: Педагогика, 1975.
3. Құнантаева Қ. Қ. Оқыту әдістемесін жетілдіру жолдары – Алматы: Мектеп, 2018.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Қазақстандағы орта білім беруді цифрландыру тұжырымдамасы – Астана, 2021.

ӘОЖ 512.5

ФАКТОР ТОП ЖӘНЕ ОНЫҢ ДЕРБЕС ЖАҒДАЙЛАРЫ

Боранбаев Нұрқасым Өскенбайұлы

nurkasimboranbaev@gmail.com

Сейтжанова Аяулым Маралқызы

ayaseitzhan05@gmail.com

**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Механика-математика факультетінің 6В01508 бағдарламасының 2-ші курс студенттері, Астана, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі-Абдыхалық Айдос Тұрсынбайұлы**

Аңдатпа. Бұл мақалада топтар теориясындағы, алгебрадағы гомоморфизмді түсінудегі маңызды ұғым болып саналатын фактор топ жайлы айтылатын болады. Фактор топ деп аса ірі топтан оның құрылымын және эквивалент қатынасты сақтай отырып, белгілі бір қасиеттер бойынша құрылған топты айтамыз. Фактор топты бүтін сандардың бөлінгіштігімен салыстыруға болады. Яғни 12-ні 3-ке бөлсек 4 шығады, яғни 12 объекті әр топта 4 объектен болатындай 3 топқа бөлуге болады. Бірақ біздің жағдайдың нәтижесінде күрделі құрылымға ие топты аламыз. Мақалада фактор топ ұғымының анықтамасы беріліп, оның дербес жағдайы ретінде қалыңдылар класы қарастырылады.

Кілт сөздер: топ, ішкі топ, қосалқы топ, фактор топ, қалыңдылар класы.

Кіріспе

Топтар теориясы мен алгебра саласындағы маңызды ұғымдардың бірі фактор тобы болып табылады. Фактор топтар абстрактілі алгебраның негізгі құрылымдарының бірі ретінде қарастырылып, топтар арасындағы құрылымдық өзара байланыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл ұғым әсіресе топтардың құрылымын тереңірек түсіну және олардың қасиеттерін сипаттау үшін қолданылады.

Фактор топтар үлкен топтарды қарапайым құрылымдарға жіктеу арқылы олардың ішкі симметрияларын талдауға мүмкіндік береді. Топтардың құрылымын зерттеуде олардың қалыпты қосалқы топтары арқылы жаңа топтар құру тәсілі маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл

топтар теориясындағы негізгі теоремалардың негізін қалап, әртүрлі математикалық салаларда кеңінен қолданылады.

Осы мақалада біз фактор топтар ұғымын жан-жақты қарастырып, олардың негізгі қасиеттері мен қолданыстарын талдаймыз. Сонымен қатар, фактор топтардың дербес жағдайларын қарастырамыз.

Негізгі бөлім

Фактор топ

Ең алдымен фактор топқа анықтама берейік. Бірақ одан бұрын топтың, ішкі топтың, қосалқы топтың анықтамаларын білу керек.

Анықтама. Бір ассоциативтік операциясы бар (коммутативті болуы міндетті емес) G жиынын топ деп атаймыз.

Бұл жерде топта қосу немесе көбейту операциясы орындалуы мүмкін. Егер қосу амалы орындалса, топ аддитивті деп аталады. Ал көбейту амалы орындалса, онда топ мультипликативті деп аталады.

Қосу амалы бар топ келесі шарттарды қанағаттандыруы тиіс:

- 1) $\forall a, b, c \in G, a + (b + c) = (a + b) + c$ – қосу амалына қатысты ассоциативтілік қасиеті;
- 2) $\exists \theta \in G, \forall a \in G, a + \theta = \theta + a = a$ – нөлдік элементтің бар болуы;
- 3) $\forall a \in G, \exists (-a) \in G, a + (-a) = (-a) + a = \theta$ – топтың әрбір элементінің қарама-қарсы элементінің бар болуы.

Бұл жерде нөлдік элементтің жалғыз болуы айқын. Өйткені басқа $\theta \neq \theta'$ нөлдік элементін алсақ, $\theta = \theta + \theta' = \theta'$ болады. Бұдан $\theta = \theta'$ екені шығады.

Сонымен бірге әр элементтің қарама-қарсы элементі де бірмәнді анықталады. Яғни $b \neq c$ болатын a – ның 2 қарама – қарсы элементі бар делік. Бұдан $a + b = \theta$ және $a + c = \theta$ шығады. Осы және 1 – ші шарттағы ассоциативтілік қасиетін пайдалансақ, $b = b + \theta = b + (a + c) = (b + a) + c = c$. Бұдан $b = c$ шығады.

Мысал:

- 1) Кез келген сақина, өріс, векторлық кеңістік қосу амалына қатысты абельдік топ болады;
- 2) Бүтін сандар жиыны қосу амалына қатысты абельдік топ болады.

Көбейту амалы бар топ келесі шарттарды қанағаттандыруы тиіс:

- 1) $\forall a, b, c \in G, (ab)c = a(bc)$ – көбейту амалына қатысты асоциативтілік;
- 2) $\exists e \in G, \forall a \in G, ae = ea = a$ – бірлік элементтің бар болуы;
- 3) $\forall a \in G, \exists a^{-1} \in G, aa^{-1} = a^{-1}a = e$ – топтың әрбір элементінің кері элементінің бар болуы.

Бұл жерде бірлік элементтің бірмәнді анықталуы айқын. Өйткені басқа $e \neq e'$ болатындай бірлік элементті алсақ, $e = ee' = e'$ болады. Бұдан $e = e'$ шығады.

Сонымен қатар әр элементтің кері элементі де бірмәнді анықталады. Яғни $d \neq h$ болатындай a – ның 2 кері элементі бар делік. Бұдан $ad = e$ және $ah = e$ болады. 1 – ші шарттағы ассоциативтілік қасиетін пайдалансақ, $d = de = d(ah) = (da)h = eh = h$ болады. Бұдан $d = h$ шығады.

Егер қосу амалына немесе көбейту амалдарына байланысты $\forall a, b, a + b = b + a$ немесе $ab = ba$ орындалса, топ коммутативті немесе абельдік топ деп аталады.

Мысал:

- 1) Кез келген ерекше емес квадраттық матрицалар жиыны көбейту амалына қатысты топ құрайды;
- 2) Кез келген нөлдік элементі жоқ өріс көбейту амалына қатысты топ құрайды. Себебі, нөлдік элементтің кері элементі табылмайды.

Анықтама. G тобы және $A \subset G$ – G тобының жиыншасы берілсін. Егер A жиыншасы берілген амал бойынша топ болса, $A \subset G$ жиыны G тобының ішкі тобы деп аталады

Мәселен, жұп бүтін сандар жиыны бүтін сандардың аддитивті тобының ішкі тобы болады.

Анықтама. $\forall g \in G$ және $A \subset G$ мультипликативті ішкі тобы берілсін. A ішкі тобының gA (Ag) жіктелуі G тобының A ішкі тобы бойынша көбейту амалына қатысты сол (оң) қосалқы тобы деп аталады. Ал қосу амалы үшін $\forall g \in G$ және $A \subset G$ аддитивті ішкі тобы берілсін. Онда A ішкі тобының $g+A$ ($A+g$) жіктелуі G тобының A ішкі тобы бойынша қосу амалына қатысты сол (оң) қосалқы тобы деп аталады.

Анықтама. Егер G мультипликативті (аддитивті) тобының A ішкі тобы бойынша оң және сол қосалқы топтары тең болса, онда A ішкі тобы қалыпты ішкі топ деп аталады. Бұдан кез келген абельдік топтың қалыпты болатыны шығады.

Анықтама. G тобының оның A қалыпты ішкі тобы бойынша қосалқы топтарының жиыны G тобының A ішкі тобы бойынша фактор тобы деп аталады және G/A деп белгіленеді.

Қалындылар класы фактор топтың дербес жағдайы ретінде

Фактор топтың ең айқын мысалдарының бірі бұл қалындылар класы. Қалындылар класына анықтама бермес бұрын модуль бойынша салыстырымдықты айтып кетейік.

Анықтама. Берілген m натурал санын модуль деп алайық. Егер екі бүтін a және b сандары мен белгілі бір q бүтін саны үшін $a - b = mq$ теңдігі орындалса, онда олар модуль бойынша салыстырымды деп аталады және келесідей жазылады:

$$a \equiv b \pmod{m}$$

Берілген m натурал саны үшін a бүтін санының m модулі бойынша қалындылар класы – бұл барлық m модулі бойынша a -ға салыстырымды сандар жиыны:

$$[a] = \{x \in \mathbb{Z} / x \equiv a \pmod{m}\}$$

Салыстырулардың қарапайым қасиеттері:

- 1) $a \equiv a \pmod{m}$, яғни кез келген бүтін сан кез келген модуль бойынша өзімен салыстырымды.
- 2) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, онда $b \equiv a \pmod{m}$ болады;
- 3) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ және $b \equiv c \pmod{m}$, онда $a \equiv c \pmod{m}$;
- 4) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ және $c \equiv d \pmod{m}$ болса, онда $ac \equiv bd \pmod{m}$, $a \pm c \equiv b \pm d \pmod{m}$ болады;
- 5) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, онда $\forall c \in \mathbb{Z}$ үшін $a + c \equiv b + c \pmod{m}$ орындалады;
- 6) Егер $a + b \equiv c \pmod{m}$ болса, онда $a \equiv c - b \pmod{m}$ орындалады;
- 7) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, онда $\forall k \in \mathbb{Z}$ үшін $a \equiv b + mk \pmod{m}$ немесе $a + mk \equiv b \pmod{m}$ орындалады;
- 8) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, онда $ak \equiv bk \pmod{m}$ орындалады;
- 9) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, онда $a^n \equiv b^n \pmod{m}$ орындалады;
- 10) Егер $ak \equiv bk \pmod{m}$ және $(k, m) = 1$ болса, онда $a \equiv b \pmod{m}$ болады;
- 11) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, онда $\forall k \in \mathbb{Z}$ үшін $ak \equiv bk \pmod{mk}$ болады;
- 12) Егер $ak \equiv bk \pmod{mk}$ болса, онда $a \equiv b \pmod{m}$ болады;
- 13) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, $m : k$ үшін $a \equiv b \pmod{k}$ орындалады;
- 14) Егер $a \equiv b \pmod{m_1}$, $a \equiv b \pmod{m_2}$... $a \equiv b \pmod{m_k}$ болса, онда $a \equiv b \pmod{m_1 m_2 \dots m_k}$ орындалады;
- 15) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ және $a : k$, $m : k$ болса, онда $b : k$ орындалады;
- 16) Егер $a \equiv b \pmod{m}$ болса, онда $\text{EYOB}(a, m) = \text{EYOB}(b, m)$.

Онда фактор топты келесі мысал арқылы түсінейік.

Біз \mathbb{Z}_5 сақинасы 5 қалындылар класынан тұратынын білеміз:

- $[0] = \{ \dots, -10, -5, 0, 5, 10, 15, \dots \}$;
- $[1] = \{ \dots, -9, -4, 1, 6, 11, 16, \dots \}$;
- $[2] = \{ \dots, -8, -3, 2, 7, 12, 17, \dots \}$;
- $[3] = \{ \dots, -7, -2, 3, 8, 13, 18, \dots \}$;
- $[4] = \{ \dots, -6, -1, 4, 9, 14, 19, \dots \}$.

Келесі заңдылық орындалады: $[1] + [4] = [0]$, $[2] + [3] = [0]$.

Топ: \mathbb{Z} , яғни бүтін сандардың аддитивті абельді тобы.

Оның ішкі топтары: $\mathbb{Z}, 2\mathbb{Z}, 3\mathbb{Z}, 4\mathbb{Z}, 5\mathbb{Z}, \dots$

Біз бүтін сандар жиынының $5\mathbb{Z}$ деген қалыпты ішкі тобын алайық. Оның қосалқы топтары келесідей болады және олар фактор топ құрайды:

- $1+5\mathbb{Z}=5\mathbb{Z}+1=\{\dots, -9, -4, 1, 6, 11, 16, \dots\}$;
- $2+5\mathbb{Z}=5\mathbb{Z}+2=\{\dots, -8, -3, 2, 7, 12, 17, \dots\}$;
- $3+5\mathbb{Z}=5\mathbb{Z}+3=\{\dots, -7, -2, 3, 8, 13, 18, \dots\}$;
- $4+5\mathbb{Z}=5\mathbb{Z}+4=\{\dots, -6, -1, 4, 9, 14, 19, \dots\}$.

Біздің құрастырған фактор тобымыз $\mathbb{Z}/5\mathbb{Z}$ деп белгіленеді.

Модуль бойынша салыстыруды мектеп олимпиадасын шығаруда қолдану

Модуль бойынша салыстыруды мектеп олимпиадасының есептерін шығаруда қолдана аламыз. Мысалы дәлелдеуге арналған төмендегі есепті қарастырайық.

Кез келген натурал саны үшін:

$$S_n = 1^n + 2^n + 3^n + \dots + 99^n$$

өрнегін 4-ке бөлгенде 2 қалдық қалатынын дәлелдеңіз.

Шешуі:

Біз қалыңдылар класын пайдаланып, $S_n \equiv 0 \pmod{4}$ екенін дәлелдеуіміз керек.

1. Санның 4-ке қатысты қалдықтарын қарастырайық:

99-ға дейінгі сандардың 4-ке бөлінгендегі қалдықтары тек мына мәндерді ғана қабылдайды, бұлар 4 модулі бойынша қалыңдылар класын құрайды: 0, 1, 2, 3

2. 1-ден 99-ға дейінгі сандар 4 қалыңдылар класында тең бөлінеді

99 саны 4-ке бөлінбейді, бірақ 1, 2, 3, 0 қалдықтары бірдей жиілікте кездеседі:

$$[1] = \{1, 5, 9, \dots\}$$

$$[2] = \{2, 6, 10, \dots\}$$

$$[3] = \{3, 7, 11, \dots\}$$

$$[0] = \{4, 8, 12, \dots\}$$

Әрбір қалдық $99 / 4 \approx 25$ рет кездеседі.

3. Дәрежелердің 4-ке қалдығын талдау

Әрбір қалдықтың n -ші дәрежесін 4-ке бөлгенде не болатынын қараймыз:

- 1) Егер $x \equiv 0 \pmod{4}$ болса, онда $x^n \equiv 0^n \pmod{4}$
- 2) Егер $x \equiv 1 \pmod{4}$ болса, онда $x^n \equiv 1^n \pmod{4}$
- 3) Егер $x \equiv 2 \pmod{4}$ болса, онда келесі заңдылық бойынша өзгереді:
 1. Егер жұп болса, $x^n \equiv 0^n \pmod{4}$
 2. Егер тақ болса, $x^n \equiv 2^n \pmod{4}$
- 4) Егер $x \equiv 3 \pmod{4}$ болса, онда келесі заңдылық бойынша өзгереді:
 1. Егер жұп болса, $x^n \equiv 1^n \pmod{4}$
 2. Егер тақ болса, $x^n \equiv 3^n \pmod{4}$

4. Барлық қосындыларды қарастыру:

Әрбір қалдық 25 рет кездеседі, сондықтан қосынды былай жазылады:

$$S_n \equiv 25(1^n + 2^n + 3^n + 0^n) \pmod{4}$$

Жұп және тақ жағдайларды жеке қарастырайық:

$$\text{Егер жұп болса: } S_n \equiv 25(1 + 0 + 1 + 0) \pmod{4} = 50 \pmod{4} = 2 \pmod{4}$$

$$\text{Егер тақ болса: } S_n \equiv 25(1 + 2 + 3 + 0) \pmod{4} = 150 \pmod{4} = 2 \pmod{4}$$

5. Қорытынды:

Кез келген n үшін, $S_n \equiv 2 \pmod{4}$, яғни 4-ке бөлгендегі қалдығы 2-ге тең.

Қорытынды

Бұл мақалада фактор топ ұғымы, оның анықтамасы және негізгі қасиеттері қарастырылды. Фактор топтарды қалыпты қосалқы топтар арқылы құру әдісі сипатталды, сонымен қатар оның математикадағы және басқа да қолданбалы салалардағы маңыздылығы атап өтілді. Қалыңдылар класын фактор топтың дербес жағдайы ретінде қарастырып, оның практикалық маңызы мен мектептік олимпиада есептерін шешуге қолдану жолдары көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бадаев С.А. Сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия/Алматы: «Издательство LEM» ЖШС, 2014.-424 б.
2. Винберг Э.Б. Курс алгебры: 2-е изд., испр. и доп. ó М.: Изд-во 'Факториал Пресса', 2001. ó 544 с
3. Каргаполов М. И., Мерзляков Ю. И. Основы теории групп. – 3-е изд. – М.: Наука, 1982. – 288 с.
4. Курош А. Г. Курс высшей алгебры. – М.: Наука, 1971. – 432 с.
5. Курош А. Г. Теория групп. – 2-е изд. – М.: Наука, 1967. – 648 с.

ӘОЖ 37.013.2

ОРТА БУЫНДАҒЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ШЫНАЙЫ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ

Дүйсенбаева Шұғыла Саматқызы

sh_duysenbaeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Механика-математика факультетінің 3 курс студенті,
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: Дюсембина Ж.К.

Қазіргі таңда оқушылардың математикаға деген көзқарасы мен оны түсіну деңгейі күрделі сұраққа айналып, білім берудің жаңа жолдарын іздестіру қажеттілігін көрсетеді. Көптеген жас буын бұл пәнді формулалар мен есептерді жаттап, тесттен өту құралы ретінде ғана қабылдайды. Нәтижесінде, математикадан алынған білім өмірде қолданылмай, оқушылар оны шынайы тұрмыстан алшақ, күрделі және қызықсыз пән ретінде көреді. Бұл мәселе еліміздің білім беру жүйесі мен болашақ мамандардың сапасына тікелей әсер етеді. Мәселені көре білу үшін алдымен сұрақ қояйық: **оқушылар неліктен математиканы қиын деп санайды?** Оның жауабы – оқыту жүйесінде. Біз көбінесе абстрактілі ұғымдармен жұмыс істейміз, бірақ нақты өмірмен байланыстырмаймыз. Егер оқушы математика тек формула есептеуге арналған пән емес, күнделікті өмірдің бір бөлігі екенін түсінсе, оған деген қызығушылығы да артар еді.

Математиканы өмірмен байланыстыру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдарын қарастырайық. Қазақтың ұлттық құндылықтарына негізделген есептер мен тұрмыстық мысалдар арқылы пәнді түсіндіру оқушылардың математикаға деген көзқарасын өзгертеді деген гипотезаны ұсынамын.

Математика – тек теориялық ғылым емес, ол бізді қоршаған әлемнің заңдылықтарын түсінуге көмектесетін құрал. Егер оқыту процесін өмірмен байланыстырсақ, оқушылар оны тек сабақта емес, күнделікті өмірінде де қолдана бастайды. Бұл – біз шешуді мақсат етіп отырған басты мәселе.

Қазіргі таңда көптеген оқушылар математиканы қиын, күрделі әрі өмірде аса қажет емес пән ретінде қабылдайды. Бұл мәселенің бірнеше негізгі себептері бар:

- Оқыту әдісінің теорияға ғана негізделуі. Математика көбіне абстрактілі түсіндіріледі, ал оқушыларға нақты өмірмен байланысты мысалдар жетіспейді.
- ҰБТ мен тестке бағытталған білім беру. Көбіне мұғалімдер оқушылардың есептің логикасын түсінуден гөрі, дұрыс жауапты таңдауға көбірек көңіл бөледі.
- Қазіргі оқушылардың қызығушылықтарының өзгеруі. Олар гаджеттер мен жылдам ақпарат алуға үйренгендіктен, ұзақ есептерді шығаруға шыдамсыздық танытады.